



Автор: Баймуратова Шолпан Жумабаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Жай бөлшектің негізгі қасиеті. Бөлшектерді қысқарту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.15 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар жай бөлшектерді қысқартып, жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар, егер: • бөлшекті дұрыс қысқартса; • бөлшекті дұрыс ортақ бөлімге келтіре алса, мақсатына жетеді. • бұрыс бөлшектерді аралас сан түрінде және керісінше жазуды түсіндіре алады; • жай бөлшекті алымын және бөлімін нұсқай отырып оқи алады
АКТ қолдану дағдылары	презентациямен жұмыс жасау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. Мұғалім және оқушылар бір-бірімен амандасады. Сабақтың мақсатын және күтілетін нәтижелерін оқушылармен талқылайды.	
Сабақтың ортасы	Ауызша есептеу. Слайд № 3,4. Жай бөлшектерді қайталау Слайд № 5. Логикалық есеп. Суретте қанша шаршы көріп тұрсыңдар? (27 шаршы) -Ең кіші шаршы үлкен шаршының қандай бөлігі? - Ортадағы шаршыны қарастырайық, ол тоғыз кіші шаршыдан тұрады. Ол үлкен шаршының қандай бөлігі? Тексеру диктанты. Жұппен жұмыс. Дескриптор: Білім алушы - боялған бөлігін жай бөлшек түрінде жаза алады; - бөлшекті оқып, жаза алады; - метрдің және килограммның бөлігін бөлшек түрінде жаза алады. Жаңа материалды түсіндіру Жаңа материалды қайталау тапсырмаларынан бастаған дұрыс. Слайды № 6 Оқушылар жеке тапсырмаларды орындап, презентациямен тексереді. Келесіде мұғалім оқушыларды жай бөлшектердің негізгі қасиетін өздері тұжырымдауға бағыттайды. Слайд № 7. Сабақты бекіту. Слайд № 8 Жай бөлшектің негізгі қасиетін қолданып, оқушылар бөлшектердің теңдігін түсіндіреді.	Қосымша-1 http://www.cleverstudents.ru/numbers/basic_property_of_fraction.html Презентация
Сабақтың соңы	Слайд №9. бөлшегін оқушылар ортақ бөлімдерге 12 және 16-ға келтіреді. Қалай орындағандары жайында оқушылар өз жауаптарын түсіндіреді. Дайын жауаптар бойынша өзара тексеріп, бағалайды.. Дескриптор: Білім алушы - бөлшектің қасиетін қолдана алады; - бөлшекті оқып, жаза алады; - бөлшектерді ортақ бөлімге келтіре алады. Үй жұмысы x -тің орыны қандай сан қойғанда дұрыс теңдік болады	
Рефлексия	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жасайды: - кім біледі, нені үйрендік - не түсініксіз болды - әлі немен жұмыс жасау керек	